Әділет

# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70 (өте құпия), 71-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 63-ҚОСЫМША

*Ескерту. 63-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Сыртқы саяси қызметті қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 8500548 мың теңге (сегіз миллиард бес жүз миллион бес жүз қырық сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы "Ақпараттандыру туралы"

Заңы , Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколын бекіту туралы" N 173 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысын бекіту туралы" N 217 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы " Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" атты Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 574 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізімін бекіту туралы" N 1282 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" N 1284 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 4 ақпандағы "Қазақстан Республикасының Дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы" N 1287 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!" Қазақстан халқына Жолдауы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 мамырдағы "Шетелдердегі Қазақстан Республикасы қызметкерлерінің еңбек жағдайлары туралы ережені бекіту туралы" N 577 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 қарашадағы "Үкіметтік және дипломатиялық хат-хабарларды жеткізу туралы" N 1581 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелерінің жылжымайтын мүлікті сатып алуының және жалдауының, үй-жайлар мен ғимараттардың күрделі құрылысын салу және жөндеу туралы" N 1144 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы "Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігіндегі Елшілігін орналастыру үшін Қазақстан Республикасының меншігіне Брюссельде ғимарат сатып алу туралы" N 893 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қазандағы "Қазақстан Республикасының меншігіне Вашингтонда (Колумбия округі, АҚШ) жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу туралы" N 1431а қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" N 136 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге көліктік қызмет көрсетуге

арналған арнайы автомобильдерді пайдалануды реттеу туралы" N 288 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 тамыздағы N 1222-73 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы "Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражат есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" N 1127 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" N 41 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 маусымдағы N 906-55 с қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 ақпандағы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шетелдік іссапарларға арналған валюталық қаражатты жұмсауды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" N 148 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы "Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" N 281 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 сәуірдегі "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2003-2004 жылдарға арналған жоспары туралы" N 344 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі N 410 және 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 152 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 сәуірдегі "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" N 495 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 867 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 1040 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" N 1080 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері " N 1118 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қарашадағы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 148 қаулысына толықтырулар және өзгерістер енгізу туралы" N 1140 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы сыртқы саясаты

ведомствосының және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету, министрлік қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының сыртқы саясат бағытын дамыту, сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға қолдау көрсету жөніндегі жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Сыртқы істер министрлігін және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін ағымдағы ұстау; министрлік қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру; министрлікті және шетелдердегі мекемелерді сапалы, жедел түрдегі және қорғалған ақпаратты (оның ішінде дипломатиялық хат-хабарларды) алмасу үшін байланыстың телекоммуникациялық түрлерімен қамтамасыз ету; халықаралық сахнада Қазақстан Республикасының оң сипаттағы беделін арттыру үшін жағдайлар жасайтын шаралар кешенін жүзеге асыру; қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сай келетін қорғалу деңгейі жоғары визалық жапсырмаларды әзірлеу; Мемлекеттік протоколдың орындалуына және жедел жұмыс істеуіне жағдайлар жасау; Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне үкіметтік және дипломатиялық хат-хабарлардың жедел түрде жеткізілуі мен қайтарылуын және олардың кепілді түрде сақталуын қамтамасыз ету; материалдық-техникалық қамтамасыз ету, автокөлікпен, есептегіш және ұйымдастыру техникасымен, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдермен, біріңғай ақпараттық-қаржылық жүйемен қамтамасыз ету; СІМ жүйесін ақпараттандыру; шетелдегі дипломатиялық қызмет персоналын және олардың отбасы мүшелерін тұрғын және қызметтік үй-жайлармен, медициналық қызметпен қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының меншігіне жататын шетелдегі жылжымайтын мүлік объектілерін ұстау, қызмет көрсету және ағымдық жөндеуден өткізу, ұзақ мерзімдік жалға алу және АҚШ-та, Англияда, Бельгияда Қазақстан Республикасының меншігіне жылжымайтын мүлікті сатып алу бойынша өткен жылдың міндеттемелерін тепе-теңдік негізде орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | | | | Сыртқы саяси қызметті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ету | | қамтамасыз | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарының қызмет етуін қамтамасыз ету, соның ішінде:<br>- 321 бірлік көлеміне бекітілген штат саны лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін ұстау және қамтамасыз ету;<br>- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің әкімшілік ғимаратын және онымен шектес аумақты ағымдағы ұстауға, соның ішінде ғимараттарды сақтандыру шығыстарына ақы төлеу;<br>- бекітілген тиісті нормативке сәйкес 10 бірлік ұстау және 4 бірлік автокөлікті жалдау;<br>- консулдық қызметтің орындалуын қамтамасыз ету;<br>- телекоммуникациялық байланыс түрлерінің үздіксіз жұмысын, байланыс құралдарының техникалық және бағдар- | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және шетелдегі мекемелері |

ламалық жаңартылуын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген баж және басқа да міндетті төлемдер мен алымдарды төлеуді ескере отырып, Қазақстан Республикасының СІМ-н және шетелдегі мекемелерін визалық жапсырмалар бланкілерімен қамтамасыз ету;
- ел ішінде және одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының оң сипаттағы беделін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-насихаттық қызмет бойынша іс-шаралар жүргізу, соның ішінде имидждік өнімдерді шығару, басылымдық бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-түсіндіру мақалаларын жариялау;
- үкіметтік және дипломатиялық хат-хабарлардың, оның ішінде дипломатиялық және үкіметтік жүктердің жеткізілуін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Респуб-

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ликасының Мемлекеттік протоколын орындау және қамтамасыз ету; - жабдықтарды шығыс материалдарымен және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету; - құны 40 есе төменгі есептік көрсеткіштен аспайтын жұмыстар және қызметтер, сондай-ақ тауарлар сатып алу. | | |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес Министрлік қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу, соның ішінде тілдерді үйрету. Біліктілігін арттыру курсынан өтетін қызметкерлердің жылдық орташа саны - 100 бірлік. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және шетелдегі мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Келесі активтерді сатып алу: | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және шетелдегі мекемелері |

- Министрлік ғимаратының конференц-жүйе залына 6 комплект қондырғылар орнату, құрастыру;
- видеобақылау жүйесі - 1 бірлік;
- цифрлық фотоаппараттар - 2 бірлік;
- металл іздегіштер - 2 бірлік;
- ауыстырмалы радиостанция - 6 бірлікке дейін;
- жұмсақ жиhаздар жиынтығы - 2 бірлік;
- автокөлік - 64 бірлік;
- үй жиhаздары - 58 бірлікке дейін;
- кеңсе жиhаздары - 50 бірлікке дейін;
- ұйымдастыру техникасы - 34 бірлікке дейін;
- жабдықтар - 30 бірлікке дейін;
- спутниктік жабдықтар - 9 бірлікке дейін;
- күзет жабдықтары - 6 бірлікке дейін;
- тұрмыстық техникалар - 147 бірлікке дейін;
- кілемдер - 22 бірлікке дейін.

Америка Құрама Штаттарында (Вашингтон

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қаласы), Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде (Лондон қаласы) және Бельгия Корольдігінде (Брюссель қаласы) Қазақстан Республикасының меншігіне жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу үшін алынған несиелерді өтеу бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету. | | |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және шетелдердегі мекемелерін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету, соның ішінде: - есептегіш техникасын сатып алу: - компьютерлік техника (133 бірлік - жүйелік блоктар, 133 бірлік мониторлар, 57 бірлік іркіліссіз қамтамасыз ету көзі, 10 бірлік сканерлер, 82 бірлік принтерлер); - желілік қондырғыларды сатып алу: | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және шетелдегі мекемелері |

2 бірлік модем;
- 1 бірлік желілік трафикті бақылау қондырғылары;
- желіаралық қорғау экранын (upgrade) жаңғырту;
- "Шетелдік іссапар-лар", "Өкілдік шығындар", "1 С: Кәсіпорын", ИС "Консул" бағдарлама-лық өнімдерін жөнелту;
- есептегіш техника-ларына техникалық қызмет көрсету: 283 бірлік компьютерлік жабдықтау комплек-тісі, 186 бірлік принтерлер, 12 бір-лік сканерлер, 8 бірлік серверлер, 83 бірлік іркіліссіз қамтамасыз ету көзі, 56 бірлік желілік және телекоммуника-циялық жабдықтар;
- есептегіш техника құралдарына қызмет көрсету жүйесі;
- Интернет желісіне шығу қызметі және электрондық пошта қызметіне төлем;
- компьютер жабдық-тарына арналған шығыс материалдарын, жиынтықтаушы және

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қосалқы бөлшектен сатып алу. | | |
| 6 | 100 | Органдардың басқа елдердегі аппараттары (елшіліктер, өкілдіктер, дипломатиялық миссиялар) | Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерін қамтамасыз ету, соның ішінде: - шетелдердегі мекемелерді бекітілген штат санының лимитіне сәйкес 558 бірлік көлемінде ұстау және қамтамасыз ету; - шетелдегі мекемелер үшін автокөлікті ұстау және техникалық қызмет көрсету, оның ішінде жалдау шетелдегі мекемелер үшін 310 бірлікке дейін; - дипломатиялық персоналына және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгендей әлеуметтік қамсыздандыру және медициналық қызмет көрсету; - Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шараларды өткізу. - Мемлекет басшысының Қазақстан халқына | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және шетелдегі мекемелері |

Жолдауының ережелерін түсіндіру және насихаттау жөніндегі іс-шаралар өткізу, оның ішінде тиісті тақырыптық PR-материалдарын шетелдік ірі бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;
- АҚШ-та Қазақстан Тәуелсіздігінің монументін тұрғызу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне және шетелдік мекемелеріне жүктелген функцияларды сапалы түрде және уақтылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 64-ҚОСЫМША

*Ескерту. 64-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Халықаралық ұйымдарға және басқа да халықаралық органдарға қатысу" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1553926 мың теңге (бір миллиард бес жүз елу үш миллион тоғыз жүз жиырма алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 13 маусымдағы "Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) "Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы" 1981 жылғы N 155 Конвенциясын бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 26 маусымдағы "Еңбекшілердің жұмыс орындарындағы ауаның ластануы, шу мен тербеліс салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы" Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) 1977 жылғы N 148 Конвенциясын бекіту туралы" Заңы , Қазақстан

Республикасының 1996 жылғы 18 қазандағы "Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының транзиттік сауда туралы 1995 жылғы 15 наурызда Исламабадта қол қойылған Келісімін бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі "БҰҰ шөлге айналумен күресу конвенциясын бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 қазандағы "Қазақстан Республикасының озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясына қосылуы туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 31 қазандағы "Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы Жарғысына қосылуы туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы "Білім, ғылым және мәдениетке қатысты материалдарды әкелу туралы келісімді және оған хаттаманы бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы " Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының (ЭЫҰ), мүше елдер өкілдіктерінің және халықаралық қызметкерлердің заңдық мәртебесі туралы келісімді бекіту туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 6 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 24 маусымдағы "Химиялық қаруды жасауға, өндіруге, жинақтауға және қолдануға тыйым салу және оны жою туралы конвенцияны бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 10 сәуірдегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ Балалар қоры арасындағы ынтымақтастық туралы Негізгі келісімді бекіту туралы"

Заңы , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 14 желтоқсандағы "Ядролық сынақтарға толықтай тыйым салу туралы шартын бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы "Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Бесінші қосымша хаттаманы бекіту туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы "БҰҰ-ның климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясын бекіту туралы" N 2260 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдік қолдану туралы" N 2344 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы "Энергетикалық Хартияға шартты және Энергетикалық тиімділік пен экологиялық ілеспе аспектілер мәселелері жөніндегі энергетикалық хартияға хаттаманы бекіту туралы" N 2537 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 15 қарашадағы "Қазақстан Республикасының Көші-қон жөніндегі Халықаралық ұйымына мүшелігі туралы" N 973 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі "Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны бекіту туралы" N 1500-XII қаулысы, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі "Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шартты

бекіту туралы" N 1500-XII қаулысы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 сәуірдегі "Дүниежүзілік Метеорологиялық ұйымы конвенциясына қосылу туралы" N 296 қаулысы , Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1993 жылғы 25 маусымдағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Парламентаралық Одағына кіру туралы" N 538 қаулысы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына (ИНТЕРПОЛ) кіруіне байланысты іс-шаралар туралы" N 629 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 наурыздағы "Қазақстан Республикасының Халықаралық теңіз ұйымы аясында қабылданған халықаралық конвенцияларға және ХТҰ туралы конвенцияға қосылуы туралы" N 244 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 25 наурыздағы "Халықаралық эпизоотикалық бюроға кіру туралы" N 26-15/2164 қаулысы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 сәуірдегі " Заңшығарушылық метрология жөніндегі Халықаралық ұйымға кіру туралы" N 26-22/ 4748 қаулысы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 сәуірдегі "Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымға кіру туралы" N 26-22/4748 қаулысы, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 мамырдағы "Қазақстан Республикасының халықаралық азаматтық авиациясы ұйымы аясында қабылданған халықаралық конвенцияға қосылу туралы" N 506 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 тамыздағы "Қазақстан Республикасының көздейтін міндеттемелерін орындауды ұйымдастырудың биологиялық әралуандығы туралы конвенцияны мақұлдаған" N 918 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 мамырдағы " ТЮРКСОЙ-дың құрылымы және жұмыс істеу принциптері туралы Шартты бекіту туралы" N 737 қаулысы , Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 қыркүйектегі "Орталық-Азиялық Зерттеулер Халықаралық институтына кіру туралы" N 13253 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Түркітілдес Мемлекеттер Басшыларының Ташкент Декларациясын, ЮНЕСКО және Дүниежүзілік Туристік ұйымының Қазақстан Республикасындағы Ұлы Жібек жолындағы туризмнің инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасын іске асыру шаралары туралы" Жарғысын іске асыру туралы" N 1067 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 тамыздағы "Ғылым және мәдениет жөніндегі Ислам ұйымына кіру туралы" N 1210 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 тамыздағы "Қазақстан Республикасы Үкіметі мен БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) арасында көне Отырар қаласын сақтау, консервациялау жобасы бойынша келісімді жасасу туралы" N 1103 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қарашадағы "Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі мен оның аппаратын қаржыландыру және

материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері" N 1418 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 желтоқсандағы "Б.С. Сарсеков туралы" N 1302 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 маусымдағы "Е.Х. Қазыханов туралы" N 608 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 тамыздағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесі" жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы Қазақстан Республикасы Өкілетті өкілінің қызметін қаржыландыру туралы" N 844 қаулысы , Үкімет Басшылары Кеңесінің 1991 жылғы 30 желтоқсандағы "Көлік саласындағы өзара қатынастарының принциптері мен шарттары туралы" келісімі, 1992 жылғы 8 ақпандағы Гидрометеорология саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісім, ТМД Мемлекет Басшылары Кеңесінің 1992 жылғы 6 шілдедегі "ТМД экономикалық соты туралы ереже " келісімі, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ арасындағы 1992 жылғы 19 тамыздағы "Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымына мүшелігі туралы" ынтымақтастық туралы келісім, ТМД Мемлекет Басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 2 наурыздағы "Мұнай және газ жөніндегі Мемлекетаралық Кеңесін құру туралы" келісімі, Мемлекет Басшылары Кеңесінің 1994 жылғы 9 қыркүйектегі "Химия және мұнайхимия саласындағы ынтымақтастық туралы" келісімі, БҰҰ Даму бағдарламасы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 24 қыркүйектегі келісім, 2001 жылғы 15 наурыздағы Орталық/Шығыс Еуропа және Еуразия энергетикасын реттеу органдарының Аймақтық Қауымдастығымен энергетика саласындағы өзара іс-қимыл туралы келісім, 2003 жылғы 29 мамырдағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының бюджетін қалыптастыру мен орындау тәртібі туралы келісім, 2001 жылғы 31 мамырдағы ТМД Үкімет Басшылары Кеңесінің "Соғыс ардагерлеріне, жергілікті қақтығыстар мен терроризм құрбандарын реабилитациялаудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекетаралық кешенді бағдарламасы туралы" шешімі, Табиғи апаттарды азайту жөніндегі Азиялық орталыққа кіру туралы шешім (ASDR), ЭЫҰ-ға мүше елдердің Тегерандағы "Экономикалық ынтымақтастық ұйымы палатасына кіру туралы" шешімі, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының 1991 жылғы 21 желтоқсандағы "Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелік туралы" шешімі, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 1 қазандағы "Дүниежүзілік Туристік Ұйымға кіру туралы" шешімі, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 мамырдағы "Европалық Экономикалық Комиссияға кіру туралы" N 6234 шешімі, Ислам Конференциясы Ұйымының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы шешімі, Дүниежүзілік Сауда Ұйымының жыл сайынғы сессиясының 1996 жылғы 26 қаңтардағы "Қазақстан Республикасына бақылаушы мәртебесін беру туралы" шешімі, ТМД Үкімет Басшылары Кеңесінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі "Үкіметаралық статистикалық комитеті туралы ереже туралы" шешімі, Халықаралық техникалық комитеттің жыл сайынғы сессиясының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы "Өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі" шешімі, ИКҰ-ға

мүше елдердің жыл сайынғы сессиясының 1997 жылғы 12 наурыздағы "ИКҰ жанындағы Статистика, экономика және әлеуметтік зерттеулер мен даярлау жөніндегі орталыққа кіру туралы" шешімі, ИКҰ-ға мүше елдердің жыл сайынғы сессиясының 1997 жылғы 12 наурыздағы "ИКҰ жанындағы Ислам тарихын, өнері мен мәдениетін зерттеу жөніндегі орталыққа кіру туралы" шешімі, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1997 жылғы 28 ақпандағы "Халықаралық Аралды құтқару қорының қаражатын қалыптастыру туралы" шешімі, Халықаралық көрмелер бюросы Атқару комитетінің 1998 жылғы 17 сәуірдегі шешімі, Мәдени меншікті зерттеу, сақтау және қалпына келтіру жөніндегі Халықаралық институттың жыл сайынғы жиналысының 1998 жылғы 5 тамыздағы шешімі (ICCROM), Ислам Конференциясы Ұйымына мүше елдер Бас Конференциясының 1999 жылғы 17 маусымдағы "ИКҰ-ға мүше елдердің Парламенттік Одағына кіру туралы" шешімі, ТМД Мемлекеттері Басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 25 қаңтардағы "ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Бас прокурорларының Үйлестіру Кеңесі туралы" шешімі, ТМД Үкіметтері Басшылары Кеңесінің 2001 жылғы 16 наурыздағы "2001-2005 жылдарға арналған ТМД мемлекеттерінің мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасын құру туралы" шешімі, ТМД Үкіметтері Басшылары Кеңесінің 2001 жылғы 18 мамырдағы "ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көліктік үйлестіруші кеңесін құру туралы" шешімі, ТМД Үкіметтері Басшылары Кеңесінің 2002 жылғы 30 мамырдағы "ТМД органдары жанындағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің тұрақты өкілетті өкілдерінің болу және қызмет ету шығыстарын қаржыландыру тәртібі туралы" шешімі, Мемлекетаралық Кеңестің 2003 жылғы 28 қазандағы "2004 жылғы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың бюджеті туралы" N 141 шешімі, 2004 жылғы 23 наурыздағы "Шанхай қауымдастық ұйымының 2005 жылға арналған бюджеті туралы" N 7 шешімі, Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымына кіру жөніндегі декларациясы, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 5 ақпандағы "Өнеркәсіптік меншік саласындағы халықаралық шарттар туралы" декларациясы, 1991 жылғы 21 желтоқсандағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы" Алматы Декларациясы, 2001 жылғы 15 маусымдағы "Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы" декларация, БҰҰ-ның 46-шы сессиясының 1992 жылғы 2 наурыздағы "БҰҰ-ның балаларға жәрдем беру қоры туралы" қарары, БҰҰ-ның 46-шы сессиясының 1992 жылғы 2 наурыздағы "БҰҰ тұрғын халықтар қоры туралы" қарары, БҰҰ-ның 46-шы сессиясының 1992 жылғы 2 наурыздағы "БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымдары туралы" қарары, БҰҰ-ның 46-шы сессиясының 1992 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасының БҰҰ мүшелігін растау туралы" қарары, 1994 жылғы 26 сәуірдегі Табиғат және мәдени мұраларды қорғау жөніндегі конвенцияға қол қою, Табиғи апаттарды азайту жөніндегі Азиялық орталықтың (ADRS) Бас конференциясының 1999 жылғы 14 ақпандағы Қазақстан Республикасының мүшелігін растайтын қарары, Парламентаралық Ассамблея Кеңесінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына

қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының қызметін қаржыландыру туралы" N 43 қаулысы, ЮНЕСКО-ның 1992 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының мүшелігін растайтын нотасы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық мәселелерді шешудің тиімділігін арттыру мақсатында халықаралық ұйымдармен және шетел мемлекеттерімен ынтымақтастығын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық ұйымдардың қызметін қаржыландыруға қатысу, ТМД-ның жарғылық және басқа да органдарын ұстауға кіру және үлестік жарналарын төлеу және Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық және оның аппаратында, ТМД Антитеррорлық Орталығында және Экономикалық кеңес жанындағы комиссияда Тұрақты Өкілдер ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретса.ны | Бағ.дар.лама коды | Кіші бағ.дар.лама коды | Кіші бағдарлама.лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Халықаралық ұйымдарға және басқа да халық-аралық органдарға қатысу | | | |
| 2 | | 100 | Халықаралық ұйымдарға қатысу | Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдарға кірістік, үлестік, ерікті | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

қаржылық жарналарды төлеу және қарызды өтеу - 67 ұйым.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 101 | ТМД-ның жарғылық және басқа да органдарына қатысу | Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын ТМД-ның жарғылық және өзге де органдарын ұстауға арналған кіру, үлестік, ерікті қаржылық жарналарын төлеу - 20 орган, соның ішінде: ТМД-ның жарғылық органдары (4 орган); ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті, ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясы, Халықаралық Аралды құтқару қоры, Интернационалист-жауынгерлердің Мемлекетаралық бағдарламасы, Мемлекетаралық Жолшылар кеңесі, Мемлекетаралық Стандартизациялау, метрология және сертификаттау кеңесі, Мемлекеттік метрологиялық мекемелерінің Еур-Азиаттық ынтымақтастығы, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің көліктік кеңесін үйлестіру атқару | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | комитеті, Мемлекетаралық авиациялық комитет, Мұнай және газ жөніндегі Мемлекетаралық кеңес, Химия және мұнай химиясы саласындағы Мемлекетаралық кеңес, Мемлекетаралық радионавигациялық бағдарлама, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Бас прокурорларының Үйлестіруші кеңесі, Байланыс саласындағы өңірлік қоғамдастық, БАЫ жанындағы ақпараттандыру жөніндегі үйлестіру Кеңесі, Біртұтас Экономикалық Кеңістіктің эксперттік-ұйымдастыру тобы. |
| 4 | 102 | Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы жанындағы Тұрақты өкілінің аппаратын ұстау | Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты Өкілін және оның аппаратын ұстау. Бекітілген штаттық саны 5 бірлікті құрайды. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілінің аппараты |
| 5 | 103 | ТМД терроризмге | Қазақстан Республикасының ТМД-ның | жыл ішін- | Қазақстан Республикасы- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарсы орталығындағы және ТМД Экономикалық Кеңесі жанындағы мәселелер жөніндегі комиссияда Қазақстан Республикасының өкілдерін ұстау | Антитеррористік орталығындағы және ТМД-ның Экономикалық Кеңесі жанындағы экономикалық мәселелер жөніндегі комиссиядағы тұрақты өкілдерін ұстау. | де | ның Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | 104 | Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасы өкілетті өкілінің аппаратын ұстау. | Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы жанындағы Тұрақты Кеңестегі Қазақстан Республикасының өкілетті өкілін және оның аппаратын ұстау. | Екінші жартыжыл ішінде | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының халықаралық қоғамдастық мүшесі ретінде өңірлік және ғаламдық бағдарламалардың шешілуіне, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен еріктерін қамтамасыз етуге қатысуы. Шет мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен саясат, экономика, ғылым және мәдениет саласындағы көп жақты ынтымақтастықты дамыту және нығайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
65-ҚОСЫМША

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 191891 мың теңге (бір жүз тоқсан бір миллион сегіз жүз тоқсан бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі" туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 мамырдағы N 542 қаулысы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түркменстанмен және Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясы туралы" N 1283 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі "Республикалық бюджетте "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі туралы" N 410 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 желтоқсандағы "Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Қытай бірлескен комиссиясының қазақстандық бөлігінің құрамын бекіту туралы" N 1324 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы "Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесін және өкілдік шығындар нормаларын бекіту туралы" N 281 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 қазандағы "Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Түркменстанмен және Өзбекстан Республикасымен Мемлекеттік шекарасын делимитациялау жөніндегі бірлескен комиссиялардағы Қазақстан Республикасының үкіметтік делегациясы туралы" N 1058 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының егемендік, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Ресей Федерациясымен, Қырғыз Республикасымен, Түркіменстанмен және Өзбекстан Республикасымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны заңдық тұрғыдан рәсімдеу, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау мәселелерін реттеу, жергілікті жерлерде мемлекеттік шекара сызығын шекаралық белгілермен бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық құқықтық нормаларына сәйкес осы мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекеттік шекараны делимитациялау және демаркациялау | 1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының сызығын шекаралық белгілермен (демаркация) бекіту - 220 белгі. 2. 1:25000 (көлемі - 1176 шаршы шақырым) масштабы топографиялық картаны жаңарту және жасау. 3. 1:100000 (көлемі - 750 шаршы шақырым) масштабы топографиялық картаны жасау. 4. Шекаралық белгілердің (демаркация) координаттары мен биіктігін бақылау мақсатындағы анық- | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі, "Казгеокарт" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны |

таудыжүргізе отырып, дала жұмыстарын техникалық тұрғыдан жарақтандыру және қабылдау.
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау, трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау мәселелері жөніндегі келіссөздер процесін жүргізу бойынша іссапарлық және өкілдік шығыстарды қамтамасыз ету және өтемақысын төлеу.
6. Байланыс қызметіне ақы төлеу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекара сызығын, сондай-ақ Каспий теңізі табанының аражігін ажыратудың орта сызығын, олардың сипаттамасын топографиялық карталарға түсіру, трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау мәселелерін реттеу, қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасымен, Түркіменстанмен және Өзбекстан Республикасымен мемлекеттік шекара сызығын жергілікті жерлерде шекаралық белгілермен бекітуді аяқтау және Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарын жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына
66-ҚОСЫМША

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі объектілерін салу және қайта жаңарту" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 283000 мың теңге (екі жүз сексен үш миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 19 наурыздағы Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған " Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 574 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы " Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімдік жоспары туралы" N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласындағы дипломатиялық қалашықтың инфрақұрылымын дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Қазақстан Республика-сы Сыртқы істер министрлігі | Бекітілген ҚЖҚ-на сәйкес Дипломатия-лық қалашықтың инженерлік желілері мен инфрақұрылымын объектілерін салуға арналған | жыл ішін-де | Қазақстан Республикасы-ның Сыртқы істер министрлігі |

салу және шығындар (II қайта кезекте). жаңарту

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Дипломатиялық қалашықты инженерлік желілермен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 67-ҚОСЫМША

*Ескерту. 67-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Шетелдік іссапарлар" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 695429 мың теңге (алты жүз тоқсан бес миллион төрт жүз жиырма тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі " Республикалық бюджетте "Шетелдік іссапарлар" 041 бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі туралы" N 410 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 ақпандағы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шетелдік іссапарларға арналған валюталық қаражатты жұмсауды ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" N 148 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі N 410 және 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 152 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қарашадағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 148 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" N 1140 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" N 1080 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды адамдарының шетелдік сапарларына байланысты іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік лауазымды адамдарының шетелдік іссапарларға жіберілетін шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Рет са. ны | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Шетелдік іссапарлар | Мемлекеттік орган- дардың лауазымды адамдарын шетелге іссапарға жіберуге байланысты шығыстар- ға ақы төлеу және өтемақысы, сондай- ақ Қазақстан Республикасы делега- циясын шетелге шыққанда басқаратын Қазақстан Республи- касының Үкімет мүше- лері үшін арнаулы рейстерге ақы төлеу. | жыл ішін- де | Қазақстан Республикасы- ның Сыртқы істер министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: шет мемлекеттермен достық қатынастар орнату, ұстау және дамыту, сондай-ақ сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени қатынастарды дамыту жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары мен үкіметтік делегациялардың шетелдерде тиісті деңгейде баруын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
68-ҚОСЫМША

*Ескерту. 68-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Өкілдік шығындар" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 280935 мың теңге (екі жүз сексен миллион тоғыз жүз отыз бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протоколын бекіту туралы" N 173 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы " Республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатты пайдалану ережесі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" N 281 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі N 410 және 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 152 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 281 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 281 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ресми делегациялардың, соның ішінде шетелдік делегациялардың қатысуымен өкілдік іс-шараларды (кеңестер, семинарлар, салтанатты жиындар және т.б.) өткізуді қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасында ресми делегациялардың, соның ішінде шетелдік делегациялардың қатысуымен, кеңестер мен семинарлар, салтанатты және өзге де өкілдік іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министрінің, Мемлекеттік хатшысының және Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезіндегі өкілдік шығындары.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Ретсаны | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Өкілдік шығындар | Ресми делегацияларды, соның ішінде шетелдік делегацияларды қабылдауға байланысты өкілдік іс-шараларды (кеңестер, семинарлар, салтанатты жиындар, конгресстер және т.б.) өткізу бойынша өкілдік шығындарды қамтамасыз ету және өтемақы төлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Премьер-Министрінің, Мемлекеттік хатшысының және Сыртқы істер министрінің шетелдік сапарлары кезіндегі өкілдік шығындар. Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылдануының 10 жылдығын мерекелеуге және Азия Қоғамының Халықаралық Бизнес Конференциясын дайындауға | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

және өткізуге байла-
нысты шығыстар.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: іс-шараларды келетін делегациялардың мәртебесіне сәйкес тиісті деңгейде өткізу және достық қарым-қатынастарды қолдау, сыртқы саяси ынтымақтастықты нығайту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
69-ҚОСЫМША

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Дипломатиялық қызмет органдары үшін мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 25145 мың теңге (жиырма бес миллион бір жүз қырық бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын құру туралы" N 1102 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қыркүйектегі " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университеті" мен "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің "Дипломатиялық академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" N 1589 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дипломатиялық қызмет органдарын халықаралық қатынастар саласындағы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметінің халықаралық қатынастар саласындағы персоналын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

---

N |Бағ.|Кіші | Кіші | Бағдарламаны | Іске | Жауапты

| Рет саны | Бағдарлама коды | Бағдарламалама коды | Бағдарламалардың атауы | Іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Асыру мерзімі | Орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Дипломатиялық қызмет органдары үшін мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау | Бекітілген жоспарға сәйкес тақырыптық лекциялар, тәжірибелік және семинарлық сабақтар, сынақтар мен емтихандар өткізу. Дипломатиялық академияда өндірістен қол үзіп оқитын тыңдаушылардың орташа жылдық саны - 30 тыңдаушыға дейін. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сыртқы саясат қатынастары саласындағы мамандардың деңгейі мен біліктілігін көтеру, кәсіби даярланған және өздеріне жүктелген функцияларды тиімді орындап жүрген қызметкерлер қатарын өсіру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
70-ҚОСЫМША (өте құпия)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
71-ҚОСЫМША

204 - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1385438 мың теңге (бір миллиард үш жүз сексен бес миллион төрт жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 548 Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі , Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" Заңы , Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 4 ақпандағы "Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы" N 1287 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдердегі мекемелерінің жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуы және жалға алуы, үй-жайлары мен ғимараттарының күрделі құрылысы мен жөндеуі туралы" N 1144 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға орта мерзімдік жоспары туралы" N 917 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері туралы" N 1118 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері мен дипломатиялық қызмет персоналдарын меншіктегі әкімшілік және тұрғын үйге бағытталған ғимараттарда орналастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N Реттік саны | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 009 | | Қазақстан Республика-сының дип-ломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объек-тілерін сатып алу және салу | Келесі жобаларды іске асыру, соның ішінде осыған бай-ланысты барлық шығыстарға төлем жасасу:<br>- Қазақстан Респуб-ликасының Женева қаласындағы (Швейцария Конфе-дерациясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты Өкілдігі резиденциясының ғимаратын салу;<br>- Италия Республика-сындағы Қазақстан Республикасы Елшілі-гінің әкімшілік ғимараты және Елші резиденциясының құрылысын салу (қайта жаңғырту);<br>- Сауд Араб Король-дігіндегі Қазақстан Республикасы Елші-лігінің әкімшілік ғимараты мен Елші резиденциясының құрылысын салу. | жыл ішін-де | Қазақстан Республикасы-ның Сыртқы істер министрлігі және шетелдегі мекемелері |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерін және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет персоналын орналастыру үшін өз меншігіндегі ғимараттардың

барлығы, қарастырылған тұрғын үйлер мен қызметтік үй жайларды жалға алуға арналған әкімшілік шығыстарды қысқарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
71-1-қосымша

*Ескерту. 71-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

204-Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған 010 "Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және сауда-саттық құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 13170 мың теңге (он үш миллион бір жүз жетпіс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы ; 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі ; Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының "Дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығымен бекітілген Консулдық Жарғы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Адамдармен сауда жасау жөніндегі қылмыстарға қарсы күрес, оны болдырмау және алдын алу бойынша 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 219 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелде құқықтары мен мүдделерін қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: шетелде зардап шеккен Қазақстан Республикасы азаматтарының шығыстарын қаржыландыруды қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 10 | | Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекеттерге заңсыз әкелінген және сауда-саттық құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде басқа қылмыстардан зардап шеккен және форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына қаржылық көмек көрсету | Қазақстан Республикасы азаматтарының отанына оралуы үшін көліктік шығыстарын төлеу, зардап шеккен адамдардың тамақтануы, пәтерақысы және бірінші қажеттіліктегі заттарды сатып алуы үшін бір жолғы материалдық жәрдем төлеу, аудармашылық және адвокаттық қызметтерге ақы төлеу. | 2005 жылдың екінші жартыжылдығы | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және шетелдегі мекемелері |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасына оралту мақсатында шетелдік мемлекеттерге заңсыз түрде әкелінген және сауданың құрбандары болған, сондай-ақ шетелде басқа да қылмыстардан зардап шеккен және кездейсоқ жағдайларға тап болған Қазақстан Республикасының азаматтарына қаржылық көмек көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК